

NIS/SHARE жобасын іске асыру бойынша кейс

Султанова Гүлжазира Алимхановна, Zhazira-sultan@mail.ru, Жакишева Мейрамгуль, школа-лицей №59, zhakishevam@mail.ru, Сахмурзаева Гүлжамила Токтаровна, sakturzaeva@bk.ru, Ахметова Валентина Абдуллаевна, valya_16_65@mail.ru, Ерназарова Заида Алтынбековна, z.ernazarova@inbox.ru

Іс-әрекетті зерттеу: «Кері байланыс оқушылардың өз біліміне жауапкершілік алуына, өзін реттеуіне көмектесе ме?»

Кіріспе

Зерттеу контексті

SHARE (білім беру саласындағы іс — әрекеттегі зерттеулер бойынша мектептер хабы).

Астана қаласында орналасқан К.Мыңбаев атындағы №59МЛ зерттеуші ұстаздардың қауымдастығы 2019 жылы мұғалімдердің сыныптағы педагогикалық тәжірибесін жақсарту мақсатында Action Research әдіснамасын енгізу үшін құрылды. 2024–2025 оқу жылында NIS/SHARE қауымдастығы жаңа форматта қайта құрылды. Мектептің миссиясы өзгертіліп, 2024–2029 жылдарға арналған мектепті даму бағдарламасына сапалы оқыту мен оқу және NIS/SHARE жобасын жүзеге асыру міндеттері енгізілді. NIS/SHARE қауымдастығы аясында Кембридждік менторлармен және NIS мектептерімен бірлесе жұмыс жасау үшін келісімшарт жасалды. Бұл ынтымақтастық білім беру сапасын арттыруға және зерттеу мәдениетін дамытуға бағытталған. NIS/SHARE жобасын іске асыру мақсатында арнайы «Бестік» тобы құрылды. Топ құрамына мектеп директоры, мектеп үйлестірушісі және зерттеуші мұғалімдерден тұратын бес адам кірді. Жұмыс барысында топ мүшелері өзара функцияларын нақты бөліп, міндеттерді жүйелі түрде орындауға кірісті. Осы құрылым мен ынтымақтастық форматы NIS/SHARE жобасының тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді және мектеп қауымдастығының кәсіби дамуына ықпал етеді.

2024–2025 оқу жылында №59 МЛ-де NIS/SHARE жобасы бойынша мұғалімдерге Action research (іс-әрекетті зерттеу) мақсаттары мен міндеттері таныстырылды. Осы таныстырылымнан кейін мектеп әкімшілігі және мұғалімдермен бірлесе

отырып, іс-әрекетті зерттеуге қолайлы жағдай жасау мәселесі талқыланып, ортақ шешімге келдік. NIS/SHARE зерттеу тобына жобаға нақты қызығушылық танытқан, пікірлес әрі ынтымақтаса жұмыс істейтін 6 топ пен 32 топ мүшесі кірді. Зерттеу жұмыстары 5 зерттеу сыныбында жүргізілді. Мұғалімдер өз қалаулары бойынша сабақ беретін сыныптарына қарай біріктіріліп, әр топқа координаторлар тағайындалды. Олар топ жұмысының кезең-кезеңімен жүзеге асырылуын қадағалады.

Дегенмен, NIS/SHARE жобасын іске асыру барысында педагогтерді жобаға тарту барысында бірқатар қиындықтар кездескенін жасырмаймыз. Кейбір мұғалімдердің жобаға қатысу мотивтері кәсіби дамуға ұмтылыстан гөрі жеке мүдделермен байланысты болды. Алайда қазіргі уақытта зерттеу жобаларына қатысу мұғалімнің кәсіби санатын көтеру талаптарының бірі болып отырғандықтан, бұл көзқарас біртіндеп өзгерді.

Жобаға қатысуды ынталандыру факторлары:

Мектеп әкімшілігі мен әріптестердің қолдауы және мойындауы;

Жобаға мектеп директорының тікелей қатысуы, жобадағы белсенділік арқылы лауазымдық өсуге және мектептегі позицияны нығайтуға қосымша мүмкіндіктердің ашылуы;

Мұғалімдердің кәсіби аттестаттаудан өтуі үшін портфолио толтыру барысында NIS/SHARE жобасына қатысудың кәсіби мәртебені арттыруы;

Шетелдік іссапар мүмкіндігі: Share жобасы аясында қала әкімшілігінің қаржыландыруымен шетелдік іссапарлар ұйымдастырылды (мысалы, М.К. Жакишева ECER халықаралық конференциясына қатысты).

NIS/SHARE жобасын табысты іске асырудың ең басты шарты – жобаға қатысушылардың саналы әрі ерікті түрде, шынайы ықыласпен келуі. Сондай-ақ командалық бірлескен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мен іс-әрекетті дұрыс жоспарлай білу аса маңызды екендігін түсіндік.

Зерттеу сұрағы (фокусы) қандай болды?

NIS/SHARE жобасы аясындағы шағын зерттеу барысында негізгі зерттеу сұрағы ретінде *«Кері байланыс оқушылардың өз біліміне жауапкершілік алуына, өзін реттеуіне көмектесе ме?»* деген мәселе қарастырылды.

Зерттеудің негізгі фокусы – кері байланыстың оқушылардың білім алуға жауапкершілікпен қарауына және өзін-өзі реттеу қабілетіне ықпалын анықтау.

Зерттеудің негізгі мақсаты – оқушылардың оқу үлгерімін жақсарту және оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқушылардың оқу мотивациясын көтеру және мұғалімдердің оқыту тәсілдерін жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Зерттеу сұрағының өзектілігі:

Бұл зерттеу сұрағын таңдаудың бірнеше себебі бар:

1. Оқушылардың білімге деген қызығушылығы мен мотивациясының төмендігі:

Зерттеу барысында оқушылардың үлгеріміне ата-аналардың жеткілікті қолдау көрсетпеуі немесе мектептің ынталандыру жүйесінің әлсіздігі әсер ете ме, әлде мұғалімнің кері байланыс ұсынбауы негізгі себеп пе деген сұрақтар туындады.

2. Оқушылардың өз біліміне жауапкершілікпен қарамауы:

Сабаққа кешігу, жиі қалу, дайындықсыз келу және мектепте өзін-өзі ұстай алмау сияқты мәселелер анықталды.

Зерттеу фокустары:

Зерттеу барысында мектеп деңгейінде үш түрлі негізгі фокусқа назар аударылды:

«Проблемалы» баланы зерттеу: сыныпта тәртібі мен үлгерімі төмен оқушыларды анықтау және қолдау көрсету.

Балалардың жауапкершілігін зерттеу: білім алудағы жауапкершілік деңгейін арттыру жолдарын қарастыру.

Оқушылардың сабаққа қатысуын және оқу белсенділігін зерттеу: сабаққа қатысу деңгейі мен үлгерім көрсеткіштерін талдау.

Бұл жоба арқылы оқыту тәжірибесіндегі оң өзгерістерді бақылау және басқа педагогтерге үлгі болу мақсат етілді.

Мектепте мұндай зерттеуді қалыптастыру мүмкін болды ма? деген сұраққа жауап беру үшін төмендегідей іс-шаралар атқарылды:

Зерттеу тобының жұмысы:

Әр топ 2023–2024 оқу жылының білім сапасы мониторингі негізінде сауалнама жүргізіп, зерттеу сыныптарын анықтады (4, 7, 8, 10 сыныптар). Зерттеу тобы жыл бойы жұмыс істеп, мынадай мәселелерді анықтады:

1. Бағалауға қанағаттанбау:

2. Көптеген оқушылар пән мұғалімдерінің қойған бағаларына риза емес екенін білдірді.

2. Оқу мақсаттарын нақтылау қажеттілігі:

3. Мұғалімдердің кейбірі оқу мақсаттарын түсінуді жеңілдету үшін ыңғайлы кестелерді қолданбаған.

4. Мұғалімдердің бағалау сапасына күмәні:

5. Сауалнама нәтижелері кейбір мұғалімдердің өз бағалауларына да сенімсіздік білдіретінін көрсетті.

NIS/SHARE жобасын жүзеге асыру арқылы оқушылардың оқу жауапкершілігін арттыруға және мұғалімдердің оқыту тәжірибесін жетілдіруге бағытталған нақты қадамдар жасалды. Жоба нәтижелері мектептегі оқыту сапасын жақсартуға септігін тигізді.

Зерттеу нәтижесі (Findings). Сыныпта қолдау, қамқорлық және сенім атмосферасын құру.

Адамдарды өзгерту үшін оларды жақсы көру керек.

Оларға әсер ету оларға деген сүйіспеншілікке пропорционалды.

И. Песталоцци

NIS/SHARE жобасына қатысқан мұғалімдермен бірнеше фокус-топтық кездесулер ұйымдастырылды. **Бірінші фокус-топқа** жоба координаторлары мен зерттеуші мұғалімдер қатысты. Іс-шараға 6 топ координаторы мен 6 зерттеуші ұстаз қатысты. Кездесу барысында жоба барысы, қиындықтар және жетістіктер туралы пікір алмасылды. **Екінші фокус-топқа** NIS/SHARE жобасы аясында зерттеу жүргізілген сыныптардың оқушылары қатысты. Оқушылардың жалпы саны 10-нан асты. Кездесу барысында оқушылар зерттеу процесіне қатысу тәжірибесімен бөлісті және өз көзқарастарын білдірді. Фокус-топтық талқылаулар жартылай құрылымдалған сауалнама негізінде ұйымдастырылды. Әрбір фокус-топтың зерттеу міндетіне келесі негізгі сұрақтар енгізілді:

1. NIS/SHARE жобасындағы өзіңіздің рөліңіз туралы айтып беріңізші?
2. Сіз сабақ барысында оқушыларға үнемі кері байланыс бересіз бе?
3. Қандай түрдегі кері байланысты жиі қолданасыз?
4. Сіздің ойыңызша, кері байланыс оқушылардың өз оқуына деген жауапкершілігін арттырады ма?
5. Оқушылар кері байланысты алғаннан кейін өз оқу процесін қалай өзгертеді?
6. Action Research қолдануда қандай қиындықтарға тап боласыз?

Фокус-топтық кездесулер жобаның тиімділігін бағалауға және қатысушылардың тәжірибесін зерделеуге мүмкіндік берді. Мұғалімдер мен оқушылардың ой-пікірлерін талдау арқылы сыныптағы қолдау, қамқорлық және сенім атмосферасын құрудың маңызды рөл атқаратыны анықталды.

Оқушыларға берілген сұрақтар:

1. Бүгінгі сабақта тапсырмаларды қалай орындадың?
2. Мұғалімнің берген кері байланысын алғаннан кейін өз сабағың қалай өзгеріп жатыр?

Сапалы оқытудың негізгі компоненттерінің бірі – мұғалімнің сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын басқаруы және жағымды қолдау атмосферасын құруы. Оқушылардың мінез-құлқын тиімді басқару үшін Action Research деректерін

жинаудың ең тиімді құралдары ретінде сыныптағы мінез-құлықты **бақылау** және **кері байланыс** беруді қарастыруға болады.

NIS/SHARE жобасы аясында мұғалімдер оқушыларды бақылау дағдыларын едәуір жетілдірді. Бұл өзгеріс балалардың қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне және мәселелеріне жеке әрі мұқият қарауға мүмкіндік берді.

Фокус – топ нәтижелері:

Фокус-топтық кездесулер барысында Action Research әдістерін қолдану арқылы оқушылардың мінез-құлқындағы және сабақтағы жауапкершілігіндегі оң өзгерістер туралы көптеген мысалдар келтірілді.

№1 – мысал:

Г. есімді мұғалім сыныпта жағымды қарым-қатынас пен достық атмосфераны орнату арқылы топтық жұмысты қалай ұйымдастырғаны туралы айтты. Алғашында мұғалімдердің бірі өз сыныбында топтық жұмыстың сәтсіздігіне назар аударды. Мәселені әріптестерімен бөліскеннен кейін, олар NIS/SHARE жобасы аясында мәселені бірлесіп зерттеуге шешім қабылдады. Зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың бірін-бірі қабылдамауы анықталды. Тіпті кейбір оқушылар бір-бірімен амандаспайтын болған. Бұл топтық жұмысты ұйымдастырудағы негізгі қиындықтың себебі ретінде танылды.

Мұғалімдер сыныпта достық атмосфераны қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырды:

Сыныптан тыс бейресми іс-шаралар (мұражайға, киноға, антикафеге бару);

Спорттық шаралар мен пикниктер өткізу.

Достық атмосфераны қалыптастырғаннан кейін мұғалімдер асықпай әрекет ету керектігін түсінді. Топтық жұмысты бірден бастау емес, алдымен жұптық жұмыс арқылы дайындық жасау орынды деп шешті. NIS/SHARE жобасы барысында мұғалімдер жұптық жұмыстарды видеоға түсіріп, оң өзгерістерді байқады. Олардың пікірінше, жетістіктер әлі 100% болмаса да, шамамен 50-55% оқушы жұптық жұмысты сәтті орындады.

Мұғалімдердің пікірінше, топтық жұмысты сәтті ұйымдастырудың негізгі шарты – сыныпта дұрыс атмосфера құру. Жағымды қарым-қатынас пен қолдау атмосферасы оқушылардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді.

1 – фокус топ: Мұғалімдердің көзқарасындағы өзгерістер

Топ координаторлары мұғалімдердің мінез-құлқы мен көзқарастарындағы өзгерістердің оқушылардың мінез-құлқына да оң әсер ететінін байқады.

№2 – мысал:

Р. есімді ұстаз, топ координаторларының бірі, өз тәжірибесімен бөлісті. Ол оқушыларға қамқорлық танытып, олардың пікірін құрметтеудің сыныптағы қарым-қатынастың жақсаруына қалай әсер еткенін атап өтті: *«Менің көзқарасымның өзгергенін балалар да байқады. Олар осы мінез-құлық үлгісін қабылдай бастады. Тіпті сынып маған көбірек сене бастады. Бұл керемет қой. Мен қалай өзгерсем, олар да солай өзгереді.»* Бұл мысалдан көрінгендей, мұғалімнің қарым-қатынасты жақсартуға деген ұмтылысы оқушылардың мінез-құлқына оң ықпал етті.

NIS/SHARE жобасы аясындағы Action Research зерттеулерінің маңызды нәтижелерінің бірі – сыныптағы әрбір оқушымен **кері байланыс орнатудың** қажеттілігін түсіну болды.

Кейбір мұғалімдер үлкен сыныптағы (25 оқушы) әр балаға жеке көңіл бөлудің қиындығын атап өтті. Дегенмен, бір мұғалім өз тәжірибесінде тек «жақсы оқитын» оқушыларға назар аударуды тоқтатып, барлық балаларға қолдау көрсетуге тырысты. Мұғалім оқушыларға *қолдау көрсету, мақтау сөздер айту және олардың әлеуетіне сенім білдірудің* маңыздылығын ерекше атап өтті. Өз көзқарасын өзгерткеннен кейін, ол қосымша қолдауды қажет ететін оқушыларға көбірек уақыт бөле бастағанын байқады. Бұл өзгеріс олардың үлгерімі мен өзіне деген сенімділігіне оң әсер етті. Мұғалімнің пікірінше, әр оқушыға назар аудару инклюзивті және ынталандырушы оқу ортасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Ол сыныптағы оқушылардың жеке мәселелерін түсініп, оларды қолдау арқылы жақсы оқу нәтижелеріне жетуге болатынын атап өтті.

№3 – мысал:

З. есімді ұстаз өз қарым-қатынас стилін өзгерту тәжірибесімен бөлісті: *«Бұрын оқушының мәселесін шешу үшін аналарды мектепке шақырып, жауапкершілікті соларға артып қоятынмын. Енді балаға тікелей назар аударудың маңызын түсіндім. Мұғалімнің өзімен тікелей сөйлесуі оқушының өзіне деген сенімділігін арттырады және оның мұғалім үшін де маңызды екенін сездіреді. Балаларға жылы сөздер мен қолдау көрсету олардың дамуына оң ықпал етеді.»* Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің көзқарасы мен қарым-қатынас тәсілдерін өзгерту сыныптағы оқушылардың мінез-құлқы мен жауапкершілігіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Мұғалімдердің қамқорлық танытып, әр оқушыға назар аударуы инклюзивті орта қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл оқушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырып, оқу үлгеріміне оң ықпал етеді.

№4 – мысал:

Г. ұстаздың тәжірибесі:

Ерекше назар аударуды қажет ететін балалармен жұмыс мұқият әрі жүйелі тәсілді талап етеді. Мұғалім асықпай, әр оқушыны жеке бақылауға алып, сыныптағы өзгерістерді біртіндеп енгізу маңызды екенін атап өтті. Бұл әдістер ерекше назар аударуды қажет ететін балаға бірнеше мұғалім бірігіп жұмыс жасағанда барынша нәтижелі болатыны

байқалды. Бірлескен күш-жігер оқушының оқу процесіне белсенді қатысуына және нәтижелерін жақсартуға ықпал етті.

Өткен оқу жылында Г. ұстаздың сыныбына оқылымы мен жазылымы өте төмен бір оқушы келді. Анасымен әңгімелескенде, ол: «Оқымаса, оқымай-ақ қойсын, балаға тиіспеңіз» деген пікір айтты. Бірақ мұғалім бұл қиындыққа қарамастан, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушыға арнайы тапсырмалар беруді бастады. Оқушыға тұрақты назар аударып, қолдау көрсетілді. Жыл соңында бұл жұмыс өз нәтижесін беріп, оқушы оқу мен жазу дағдыларын меңгерді. «Бұл – мұғалімдердің бірлескен әрі жүйелі жұмысының жемісі», – деп қорытындылады Г. ұстаз.

№ 5 – мысал:

Р. ұстаздың тәжірибесі:

Зерттеу барысында Р. ұстаз лицей сыныбындағы оқушылардың жаратылыстану бағытындағы пәндерден төмен нәтиже көрсеткенін, бірақ гуманитарлық пәндерден жақсы үлгерімге қол жеткізгенін байқады. «Мен бұл мәселенің себебін анықтауға бағытталған зерттеуді қолға алмақшымын», – деді Р. ұстаз.

№ 6 – мысал: Фокус исследования составляет весь класс, но во время работы внимание было направлено на 3 учащихся: Х, Н, У.

Исследованием занимались в течение этого учебного года. Запланированы и проведены как учебные, так и вне учебные мероприятия. Хотелось бы с Вами поделиться результатами по 3 учащимся:

Учащийся Х:

На начало учебного года ребёнок был интерактивным, не мог спокойно сидеть на уроке, создавал вокруг себя шум. На перемене нарушал правила внутреннего распорядка школы, опаздывал на занятия между переменами. Занимался на смешанные оценки, хотя потенциал был. На конец учебного года Х внимательно слушал на уроке учителей, появился интерес к урокам. Победитель Олимпиады по биологии (школа, район, город). Организатор по празднованию Международного Женского дня, по сбору макулатуры, участвовал в литературной композиции, посвящённой матерям, спортивной эстафете. Неоднократный победитель соревнований по боксу.

Учащийся Н:

На начало учебного года часто опаздывал, приходил на 2,3 уроки или пропускал занятия. Учился на удовлетворительные оценки, так как нет систематической подготовки к урокам. Был поставлен на учёт за курение электронных сигарет, за мелкое хулиганство (кража). На конец учебного года Н стал стараться в учёбе, выполнял домашние задания, учил правила, сдавал тексты. Принял участие в поздравлении девочек, в литературной композиции, в сборе макулатуры, в спортивной эстафете. Не исключаем, что мотивацией к изменению стала дружба с Х, стал более уверенным в себе.

Учащаяся У:

На начало учебного года часто пропускала занятия, на уроках «отмалчивалась». Мотивация к обучению низкая. Старались привлечь к участию в литературной композиции, к спортивной эстафете, к сбору макулатуры; она не отказывалась, соглашалась, но ни на

репетиции, ни на само мероприятия не приходила. Встречи и тренинги с психолого-диагностической службой школы результативность не дали. Нужно отметить, что родители безучастно реагировали на замечания, просьбы классного руководителя и учителей-предметников.

Вывод: *при одинаково созданных условиях для класса мы видим небольшие изменения как в учебной, так и вне урочной работе класса. Нужно, конечно, принять и тот случай, что не всё у нас получилось изменить в лучшую сторону. Значит, нужно читать литературу, делиться опытом работы с коллегами, то есть искать новые методы Action Research, приёмы в обучении.*

Мұғалімдердің пікірінше, оқушылармен оң қарым-қатынас орнату және сыныпта қолдау мен достық атмосферасын қалыптастыру – оқушылардың мінез-құлқы мен үлгеріміне тікелей әсер ететін маңызды фактор. Бұл тәсіл мұғалімдердің кәсіби дамуына да серпін береді.

Жобаға дейін көптеген мұғалімдер сабақ барысын және оқушылардың мінез-құлқын талдағанымен, бұл талдаулар жүйесіз әрі кәсіби тұрғыда жеткіліксіз болатын. NIS/SHARE жобасы аясында мұғалімдер Action Research әдістерін қолдануды үйреніп, өз әрекеттерін кәсіби және жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік алды.

Зерттеуші мұғалімдер әр оқушының қажеттіліктерін зерделеу және қанағаттандыру бағытындағы жұмыстарымен педкеңестерде, топтық отырыстарда және воркшоптарда белсенді түрде бөлісті. Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша өткен педкеңесте ұстаздар өз тәжірибесін ұжым алдында таныстырып, әріптестеріне мотивация берді.

Бірлескен рефлексиялық талқылаулар жоба мақсатын жүзеге асыруға айтарлықтай ықпал етті. Осылайша, мақсат айқындалып, тәжірибе алмасу жүрді. Мұғалімдердің жобаға деген сенімі артып, топтық бірлескен жұмыстың құндылығы жоғарылады. Соның нәтижесінде зерттеу мәдениеті біршама қалыптасып, кәсіби дамудың жаңа деңгейіне қол жеткізілді.

2024 жылдың желтоқсан айында өткен сессиядан кейін зерттеу топтарымен воркшоп ұйымдастырылды. Бұл шара барысында зерттеу деңгейі мен кездескен мәселелер талқыланып, алдағы зерттеу жұмыстары жоспарланды.

Кәсіби әдебиетпен жұмыс

Зерттеуші ұстаздармен бірге Доктор Бетан Морганның «Вовлеченность обучающихся в школах и классах» атты кәсіби әдебиетіне талдау жүргізілді. Әр топқа төмендегі сұрақтар ұсынылып, кітапты оқи отырып жауап беру тапсырылды:

- 1. Оқушылардың белсенділігін (сабаққа, жауапкершілігі) арттыру үшін қандай инновациялық әдістерді енгізе аламыз?*
- 2. Оқушылардың белсенділігін қалай дұрыс бағалаймыз және қолдаймыз?*
- 3. Мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы сенімді қарым - қатынас белсенділік (сабаққа, жауапкершілігі) деңгейіне қалай ықпал етеді?*
- 4. Оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін мұғалім тарапынан қандай кәсіби қолдау қажет?*

5.Қандай әдістер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятуға көмектеседі?

Нәтижесінде, зерттеуші ұстаздар кітапты қызығушылықпен оқып, топ болып сұрақтарға жауап беруге белсенді қатысты. Олар постерлер жасап, терең талдаулар жүргізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. *Алайда, зерттеушілердің кәсіби әдебиетті жүйелі түрде оқуға деген құлшыныстарының жеткіліксіздігі байқалды. Көп жағдайда бұл уақыттың тапшылығы мен жүктеменің көптігімен түсіндірілді.*

Педагогтердің өз іс-тәжірибесін талдау әдісі (Action Research) мектептегі топтардың кәсіби ынтымақтастығын нығайтуға негіз болды. Әріптестермен ынтымақтастықты тереңдетудің бір тәсілі – зерттеу сабақтарын тұрақты өткізу, оларды бірлесе жоспарлау және талдау. Бұл мұғалімдерге нақты зерттегісі келетін құбылысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сабақты бақылау барысында мұғалімнің де, оқушының да іс-әрекетіне мән беріледі.

Сонымен қатар, бес мұғалімнен құралған топ кәсіби қоғамдастықты қалыптастыру мақсатында оқытушылар арасында **тәжірибе алмасу платформасын құруға бастамашы** болды. Зерттеуші ұстаздарға деректермен жұмыс істеу, сауалнама сұрақтарын құрастыру және басқа да әдістемелік мәселелер бойынша тренингтер өткізілді. Сауалнамада көтерілген мәселелерді тереңірек түсіну үшін мұғалімдер мен оқушылармен сұхбаттар жүргізілді.

Қандай әдістер қолданылды?

Қолданылған әдістер:

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Бақылау: Сабақ барысында оқушылардың әрекеттерін жүйелі түрде қадағалау.

Сауалнама: Оқушылар мен мұғалімдерден кері байланыс алу мақсатында қолданылды.

Тестілеу: Оқу нәтижелерін бағалау үшін жүргізілді.

Жеке сұхбат: Оқушылар мен мұғалімдердің пікірлерін тереңірек түсіну мақсатында әңгімелесу ұйымдастырылды.

Деректерді жинау және кері байланыс: Зерттеуші мұғалімдер мен топ координаторлары сыныптағы басқару және оқу үлгерімін арттыруда оқушылардың пікірін жинаудың маңыздылығын атап өтті.

Деректерді жинау және кері байланыс.

Зерттеуші топтар деректерді жинау үшін **Google Forms платформасын** пайдаланды, сондай-ақ **фокус-топтар мен ата-аналармен сұхбаттар, сауалнамалар** жүргізілді.

Фокус-топтар мен сұхбаттар: Бұл әдістер оқушылардың мәселелерін анықтауда және оқу процесіне қатысуын бағалауда тиімді құрал ретінде қолданылды.

Анонимді сауалнамалар: Мұғалімдердің педагогикалық әдістері мен сабақтардың ұйымдастырылу сапасын бағалау үшін пайдаланылды.

Ата-аналарға сауалнама: Оқушылардың білім алуына қатысты жалпы пікірлер мен ұсыныстарды анықтау үшін жүргізілді.

Өткен оқу жылында сабақтарды бейнежазбаға түсіру тәжірибесі мұғалімдер үшін өте пайдалы болды. Сабақ жазбаларын талдау мақсатында оқушылармен фокус-топтар ұйымдастырылды.

Бейнежазбаны талқылау: Мұғалімдер сабақтарды қайта қарап, оқушылармен бірге талқылап, пікірлерін тыңдады. Оқушылар да өз әрекеттерін сырт көзбен көріп, сабақтағы белсенділік пен мінез-құлыққа сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік алды.

Мұғалімдер пікірі: Бейнежазбаны талдау барысында мұғалімдер: “Біз көргенді балалар байқамайды, ал балалар көргенді біз байқамаймыз” деген қорытынды жасады. Бұл айырмашылықтар педагогикалық әдістерді жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Бейнежазбалардың тиімділігі:

Жауапкершілікті арттыру: оқушылар бейнежазбадағы өз әрекеттерін көргеннен кейін сабаққа қатысуы мен жауапкершілігі арта түсті. Кейбір оқушылар өз қателіктерін байқап, келесі сабақтарда белсенділік танытты.

Өзгерістер: екінші бейнежазба түсірілімінде мұғалімдер оқушылардың сабаққа ұқыпты киініп, тапсырмаларға дайын болғанын байқады.

Мұғалімдер бейнежазбаның тиімділігін мойындағанымен, оны жүйелі түрде қолдануға *уақыттың тапшылығы* кедергі болды. Дегенмен, бейнежазбаны талдау әдісін тұрақты негізде қолдану қажеттігі атап өтілді.

Бейнежазбаларды пайдалану арқылы оқушылардың оқу процесіне қатысуын зерттеу мұғалімдерге әдістемелік тәсілдерін қайта қарауға және жетілдіруге мүмкіндік берді. Бұл әдіс оқушылардың жауапкершілігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын оятты.

Әріптестердің сабақтарын бақылау.

Жоспарға сәйкес жыл бойы 6 топта 30-дан астам сабақ бақылау циклдері бойынша өткізілді. Бұрын да әріптестердің сабақтарын бақылау тәжірибесі болғанымен, NIS/SHARE жобасы аясында бұл практикаға деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Енді мұғалімдер бақылау сабақтарын кәсіби дамудың маңызды бөлігі ретінде қабылдай бастады.

Мұғалімдер өздерінің педагогикалық қызметін жетілдіру үшін бақылау сабақтарының және бірлескен зерттеулердің маңызын түсіне отырып, әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істеуді үйренді. Алғашында сабаққа бақылаушы әріптестердің қатысуы қорқыныш туғызса да, кейіннен бұл үрей орнын өзара қолдау мен тәжірибе алмасу ауыстырды.

Мұғалімдер бір-бірінен көмек сұраудан тартынбауды үйренді. Бақылау сабақтарына алдын ала дайындалып, бірлесіп чек-парақтар әзірледі. Бұл парақтарда сабақ барысында назар аудару керек аспектілер алдын ала белгіленді.

Фокус-топтағы оқушылардың *жауап беруі, тапсырма орындауы, қарым-қатынасы, қол көтеруі* сияқты әрекеттерге ерекше көңіл бөлінді.

Зерттеу сабағын беріп отырған мұғалімнің дауысы, оқушыларды мұқият тыңдауы, балалардың аттарын жаттап алуы, әр оқушымен позитивті қарым-қатынас орнатуы, шынайылығы және сенімділігі де бақыланды.

№6 – мысал

М. ұстаздың тәжірибесі:

“Өз сабағымды бағалау қызық болды. Сабақтарыма екі әріптес қатысып, бағалау парағын қалдырып кетті. Параққа қарағанымда, менің сабақ беру тәсілімде бірқатар олқылықтардың бар екенін байқадым. Бір оқушыдан 10 рет сұраған шығармын, ал кейбір балалар мүлдем назардан тыс қалған. Осыдан кейін мен мұғалім ретінде өз жұмысымды қайта қарауға мәжбүр болдым. Бұл тәжірибе мені жас мұғалімдерден үлгі алуға, өзімді кәсіби тұрғыдан дамытуға ынталандырды. Кейде намысқа тырысып, ұялып та қаласың. Бірақ бұл өзінді жетілдіруге итермелейді.”

Бақылау сабақтарын өткізу барысында **бірқатар қиындықтар** анықталды:

1. Кері байланысты дұрыс түсінбеу: Кейбір мұғалімдер мен оқушылар кері байланыстың маңызын жете бағаламады.
2. Формальды көзқарас: Кейбір оқушылар кері байланысты жұмысты жақсарту құралы емес, жай ғана формальды пікір ретінде қабылдады.
3. Қолданбау: Кері байланысты тыңдағанымен, оқушылар оны тәжірибеде жүзеге асыруға асықпады.
4. Кері байланыстың мәнін түсінбеу: Оқушылар кері байланысты жұмысты қайта қарау немесе түзету қажеттілігі ретінде қабылдамады.
5. Мотивацияның төмендеуі: Кейбір оқушылар кері байланысты сын ретінде қабылдап, нәтижесінде оқу мотивациясы төмендеді.
6. Қателіктерді қайталау: Мысалы, эссе жазу тапсырмасында мұғалім оқушыға “*Қорытындыңды нақтылау керек*” деген кері байланыс берсе де, оқушы келесі жұмыста бұрынғы қатесін қайталады.
7. Өзін-өзі бағалаудағы шынайылықтың болмауы: Кейбір оқушылар өз жұмысын формалды түрде бағалап, нақты талдау жасамады.

Әріптестердің сабақтарын бақылау тәжірибесі мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етіп, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Бұл әдіс мұғалімдердің өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан қарауына көмектесті және педагогикалық

дағдыларды жетілдірудің тиімді жолы ретінде танылды. Алайда, кері байланысты дұрыс түсіну және қолдану мәселесі әлі де өзекті болып отыр.

Зерттеуші ұстаздардың пікірінше, кері байланысты дұрыс қолданбаудың *негізгі себептері төмендегідей*:

1.Кері байланыстың жалпы және түсініксіз берілуі.

Кері байланыс тиімді болуы үшін нақты, дамытушы және бағыттаушы сипатта болуы тиіс. Алайда кей жағдайларда мұғалімдер: «Жақсы», «Керемет», «Тырысу керек» сияқты жалпылама пікірлер айтып, нақты нұсқаулық бермейді. Оқушыға өз жұмысын жақсарту үшін қандай нақты әрекеттер жасау керектігін көрсетпейді.

2.Кері байланыстың тым ұзақ немесе күрделі болуы.

Мұғалімдер кейде ұзақ әрі күрделі кері байланыс береді, бұл оқушылардың оны түсінуіне кедергі келтіреді. Мысалы, мұғалім: «*Сенің шығармашылық ойың жақсы дамыған, бірақ кейбір жерлерін жақсарту керек*» деген пікір айтады. Алайда «Қай жерін? Қалай жақсарту керек?» деген нақты нұсқау болмағандықтан, оқушы мәселені қалай түзету керектігін түсінбейді.

3.Нақты бағыттың болмауы.

Кері байланыс тек қателікті көрсетіп қана қоймай, оқушының әрі қарай не істеуі керектігіне назар аударуы керек. Оқушылардың *қателігіне емес, оны түзету жолдарына* көбірек мән берген дұрыс.

Кері байланыстың маңыздылығы

Жалпы алғанда, оқушылардан пікірлер мен кері байланысты жинау және талдау мұғалімдерге:

Өздерінің әдістемелерін жетілдіруге және оқу процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Оқушылардың жауапкершілік пен өзін-өзі бақылау сезімін қалыптастырады.

Фокус-топтардағы оқушылармен кері байланыс және проблемалық мәселелерді талқылау ашықтық пен өзара түсіністікке негізделген білім беру кеңістігін құрады.

Мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесуін нығайтады.

Мұндай тәсілдер оқушылардың үлгерімі мен жеке дамуына оң әсер етіп, оқу үдерісін барынша тиімді және ынталандырушы етеді деген қорытындыға келдік.

Қорытынды

Кәсіби өсуге бағытталған шынайы ынта ғана мұғалімдер арасында үздіксіз білім алу және зерттеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл үдеріс сыни ойлауды дамытуға, шешімдерді өз бетінше іздеуге және жаңа білім беру технологияларын енгізуге жағдай жасайды. Зерттеуші ұстаздар өзін-өзі жетілдіруге және озық тәжірибелерді енгізуге қызығушылық танытқан жағдайда ғана, оқу процесін талдау және жетілдіру үшін Action Research (AR) зерттеулерін


белсенді қолданады. Мұндай ұмтылыс ынталы кәсіби қоғамдастық құруға ықпал етеді. Ортақ мақсаттар мен құндылықтар негізінде топтасқан мұғалімдер AR зерттеулері арқылы тәжірибе алмасуға және бір-біріне қолдау көрсетуге дайын болады. Бұл кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін оңтайлы орта қалыптастырады.

ФОТО деректер


Воркшоптан көріністер











Бақыл

ау, зерттеу сабақтары









Талдау-анализ









Конференцияға дайындық

Миниконференция 2025





Кейт біздің постерді тыңдады



Бестіктің ақылдасуы